



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«30» 11 2023 жылы №143
Астана қаласы

«Бастауыш сыныптардағы үздік жас маман» атты жас педагогтердің қалалық байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі - Орталық) жоспарына сәйкес және жас педагогтердің әлеуметтік мәртебесін және шығармашылық потенциалын арттыру, кәсіби шеберліктерін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Бастауыш сыныптардағы үздік жас маман» (бұдан әрі – Байқау) атты жас педагогтердің қалалық байқауы 2023 жылғы 21 желтоқсан күні № 59 мектеп-лицей базасында өткізілсін.
2. Байқаудың ережесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін;
3. Байқаудың ұйымдастырушылар алқасы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
4. Байқаудың қазылар алқасы құрамы 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін;
5. Байқауды ұйымдастыру және өткізуді қаржыландыру шығыстары сметаға сәйкес қамтамасыз ету Д.Д. Қожахметоваға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

Басшының м.а.

Б. Байтасов